ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 29 тамыз №4360-25-00-2/1874 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Н.Б.Еламанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Айдарлы ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Рүстем Асанадинұлы Адинаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Айдарлы ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Рүстем Асанадинұлы Адинаевты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Рүстем Асанадинұлы Адинаев шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Рүстем Асанадинұлы Адинаевтан мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 26 245 (жиырма алты мың екі жүз қырық бес) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 2 753 (екі мың жеті жүз елу үш) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н.Б., 05.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.10.2025, Судья Еламанов Н.Б.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы үйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 05.09.2025

Заңды күшіне енді: 17.10.2025 Судья Еламанов Н. Б. 20.10.2025

4360-25-3-1/1994